5 МАУСЫМ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ

ӨЗГЕРІСКЕ 12 ҚАДАМ

РЕФЕРЕНДУМ БІЗГЕ НЕ БЕРЕДІ?

Ең алдымен, 99 баптан тұратын Қазақстан Конституциясының 33 бабына, яғни Ата Заңның 3/1 бөлігіне өзгеріс енгізіледі. Бұл түбегейлі саяси реформа!

Екіншіден, бұрынғы суперпрезиденттік басқарудан түпкілікті бас тартылады. Тұңғыш Президент туралы қолданыстағы Заң күшін жояды. Конституцияда «Елбасы» және «Тұңғыш Президент» терминдері жойылады.

Үшіншіден, президенттік республикаға айналамыз. Яғни, билік тек бір адамның қолында болмайды, саясатқа, ел басқару ісіне халық түгел қатыса алады.

Соның жарқын мысалы – саяси партия құру үшін бұрынғыдай 20 мың емес, 5 мың адамның қолы болса жеткілікті.

Төртіншіден, Парламенттің рөлі мен мәртебесі артады. Мәжіліс Заң жобаларын мақұлдамайды, қабылдайды. Сенат тиісінше оны мақұлдайды немесе мақұлдамайды.

Мәжіліс депутаты болу үшін тек партиялық тізімге ену шарт емес. Бір мандатты округ бойынша өзін-өзі ұсыну арқылы да Мәжіліс депутаты болуға болады. Жергілікті мәслихаттарға да тап сондай норма қолданылады.

Мәжілістегі Қазақстан халқы Ассамблеясының квотасы жойылады.

Бесіншіден, Президент облыс әкімдерін тағайындар кезде кемі екі үміткерді мәслихат депутаттарының қарауына ұсынады, ең көп дауыс жинағаны әкім болып тағайындалады.

Алтыншыдан, елдегі табиғи ресурстар мемлекет меншігі деп емес, халыққа тиесілі деп нақты белгіленеді.

Жетіншіден, өлім жазасына тыйым салынады. Бұл әділетсіз, жаңсақ сот үкімімен азаматтардың өмірін қию тәуекелін жояды және мұндай шешім халықаралық талапқа толық сай.

Сегізіншіден, Адам құқықтары жөніндегі өкілдің құзыреті өсуде, президент өзі тағайындайды. Ол дегеніміз – адам құқығын сақтау бойынша мәртебе өседі.

Тоғызыншы, Конституциялық Кеңес Конституциялық Сот болып ауысады. Конституциялық сот адам құқықтары сақталмаса Президент жарлығын жоққа шығаруға құқылы. Конституциялық Сот Адам құқықтары жөніндегі өкілдің сұранысы бойынша азаматтардың өтініштерін қарайды.

Оныншы, Президентіміздің жақын туыстары мемлекеттік саяси қызметшілер, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшылары лауазымдарын атқаруға құқығы болмайды.

Он бірінші, енді президент ешқандай партия мүшесі болмайды, яғни саяси партиялардың бәсекелестігі артады.

Он екінші, Парламент бірлескен отырыста халықтың қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында Үкімет енгізген заң жобасын дереу қарауға **міндетті. Жылдам шешім қабылдауға мүмкіндік болады.**

Тапсырыс беруші «БҚО Қзақстан студенттер альянсы» ЖҚБ, басып шығарушы «Gamma» ЖК, таралымы 100000 дана

5 ИЮНЯ
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ РЕФЕРЕНДУМ

12 ШАГОВ
К ПЕРЕМЕНАМ

ЧТО НАМ ДАЕТ РЕФЕРЕНДУМ?

Прежде всего, будут внесены изменения в 33 статьи Конституции Казахстана, состоящие из 99 статей, то есть одна треть Основного Закона. Это радикальная политическая реформа!

Во-вторых, окончательный отказ от прежнего суперпрезидентского управления. Действующий закон о Первом президенте теряет свою силу. В Конституции отменяются термины «Елбасы» и «первый Президент".

В-третьих, станем президентской республикой. То есть власть не может быть в руках только одного человека, в управлении страной может участвовать весь народ.

И яркий пример вышесказанного - для создания политической партии достаточно иметь не 20 тысяч, как раньше, а 5 тысяч человек.

В-четвертых, повысится роль и статус парламента. Мажилис не одобряет, принимает законопроекты. Сенат соответственно одобряет или не одобряет его.

Для того, чтобы стать депутатом Мажилиса, необходимо не только попасть в партийный список. Депутатом Мажилиса по одномандатному округу можно стать и путем самовыдвижения. Аналогичная норма распространяется и на местные маслихаты.

Квота Ассамблеи народа Казахстана в Мажилисе отменяется.

В-пятых, Президент при назначении акимов областей представляет на рассмотрение депутатов маслихата не менее двух кандидатов, акимом назначается тот, кто набрал наибольшее количество голосов.

В-шестых, природные ресурсы в стране четко обозначаются как принадлежащие народу, а не как собственность государства.

В-седьмых, смертная казнь запрещена. Это исключает риск гибели граждан несправедливым, неправильным приговором суда, и такое решение полностью соответствует международным требованиям.

В-восьмых, компетенция представителя по правам человека растет, его президент назначает сам. Это означает, что статус по соблюдению прав человека будет расти.

Девятое, Конституционный совет теперь будет Конституционным судом. Конституционный суд вправе отменить указ президента при несоблюдении прав человека. Конституционный суд рассматривает обращения граждан по запросу представителя по правам человека.

Десятое, близкие родственники президента не имеют права занимать должности политических государственных служащих, руководителей субъектов квазигосударственного сектора.

Одиннадцатое, теперь президент не будет членом какой-либо партии, то есть конкуренция политических партий будет возрастать.

Двенадцатое, Парламент обязан на совместном заседании незамедлительно рассмотреть внесенный правительством законопроект в целях оперативного реагирования на ситуации, угрожающие безопасности населения. Будет возможность быстро принимать решения.

Заказчик МОО «Альянс студентов Казахстана по ЗКО», изготовитель ИП «Gamma», тираж 100000 шт